

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Токтanova Асель Керимовнаның «Филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу еңбегі 8D017-тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті») бағыты бойынша ұсынылған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы 01.09.2022 https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshsy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstanhalkyna-zholdauy-181416, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болыш тіркелген Қазақстан Республикасының "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы заңы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығына және т.б мемлекеттік бағдарламалардағы ғылымды дамытудың негізгі бағыттарына сәйкес келеді).</p> <p>Токтanova Асель Керимовнаның «Филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу еңбегі 8D017-тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті») бағыты бойынша ұсынылған.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі улесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысында филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамытудың когнитивті лингвистика, этнолингвистика, психолингвистиканың сабактастығында зерделеніп, тұлғаның өзіндік санасы, ішкі сезімдік толғаныстары мен ой-түжіримдарының сыртқы ортамен әрекеттесуінің ғылыми-теориялық тұрғыда негізделуі ғылымға елеулі улесін қосады, ал тілдік рефлексияның студенттердің өзінің және басқалардың сөйлеуіне саналы қатынасты білдіретін коммуникативтік және этикалық аспектілерде әдістемелік жүйеленуі оның маңыздылығын ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Токтanova Асель Керимовнаның диссертациялық еңбегі өзі жазу принципіне сәйкес жоғары деңгейде орындалған. Докторант зерттеу бойынша ғылыми-теориялық әдебиеттерді жан-жақты талдау, өзіндік түжірим жасай алған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі философиялық, психологиялық, педагогикалық аспектілерінің ұштасуында өзіндік сананың қызметі арқылы тұлғаның өзін-өзі тануын, өзін-өзі қабылдауын, өзін-өзі өзектендіруін, өзін-өзі бағалауын жүзеге асыратын рефлексивтік үдерістің жан-жақты талданып, тілдік рефлексияның қызметін ғылыми негіздеумен сипатталады. Диссертация тақырыбына арқау болып отырған филолог студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту мәселесіне қатысты зерттеулердің аздығы, ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда арнайы нысан ретінде зерттелмеуі жұмыстың өзектілігін танытады. Шетелдік және отандық психолог ғалымдардың еңбектерінде дәйектелген тұлғаның өзіндік «Мен» түжіримдамасын айқындастырып психикалық қабілеттердің когнитивтік-танымдық, аксиологиялық құндылықтың маңызының синергетикалық тәсілде талдануы зерттеудің ішкі бірлік принципіне негізделеді. Диссертацияда адамның әлемді түсініп қабылдауы, өзін-өзі іздеуі, өзіне өзінің есеп беруі және т.б тұлғалық даму әрекеттерінің әл-Фараби, А.Яссави, Ж.Баласагұн, М.Қашқари, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов сынды қазақ зиялыштарының даналық ой-пікірлерімен пайымдалып, жоғары оку орындарындағы тіл мен әдебиетті оқыту интеграциясында қарастырылуы зерттеудің өзектілігін ашады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды	Жұмыстың құрылымдық мазмұнындағы философиялық тұғырлар мен психологиялық-педагогикалық

	<p>1) айқындаиды; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>ұстанымдардың теориялық-практикалық үштасуы диссертацияның тақырыбын айқындаиды алады.</p> <p>Диссертацияның ғылыми аппаратының ғылыми негізде жүйелі құрылымдалуы, филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамытудың философиялық, психологиялық, және педагогикалық аспекттеріне талдаудың жасалуы, зерттеу бойынша тілдік рефлексияны дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалуы, студенттердің тілдік рефлексиясын дамытуға мүмкіндік беретін инновациялық әдістер, оқу стратегиялары мен тапсырмаларға негізделген оқыту әдістемесінің ұсынылуы зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаты мен міндеттерінің тақырыбына толығымен сәйкес келетіндігін көрсетеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері, ережелері бір-бірімен логикалық толық байланысқан. Кіріспеде зерттеудің пәні, нысаны, ғылыми жаңалығы, болжамы, өзектілігі дәйектеледі. «Тіл біліміндегі тілдік рефлексияның негізгі ұғымдары» атты бірінші тарауда тілдік рефлексияның зерттелуіне байланыстығалымдардың ой-пікірлері сараланып, диссидентант оларды өзіндік тұжырымдарымен саралайды. «Тілдік рефлексияны дамытудың әдіснамалық негіздері» атты екінші бөлімде жеке тұлғаның тілдік рефлексиясын дамытудың философиялық аспекттері, студенттердің танымдық, әрекеттік, эмоционалдық рефлексиясы дамуының психологиялық және дидактикалық негіздері анықталады. «Филолог студенттердің тілдік рефлексиясын дамытудың әдістемелік кешені» атты үшінші бөлімде қолданылатын рефлексивті әдіс-тәсілдер және эксперименттік жұмыстың кезеңдері, алынған нәтижелердің қорытындылары ғылыми тұрғыда жүйеленіп, жұмыстың үйлесімді құрылымдалуы барлық бөлімдердің логикалық тұрғыдан бір-бірімен өзара толық байланысқандығын танытады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сынни талдау бар; 2) талдау жартылай</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған инновациялық әдіс-тәсілдер, интерактивті оқыту технологиялары оқытуудың жалпыидидактикалық қағидаларымен үндестік табады. Автор ұсынған жаңа шешімдердің, қағидаттар мен әдістердің ғылыми-теориялық дәлелденіп, филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту салыстырыла талданған.</p>

		жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>A.K.Токтанованаң диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері толығымен жаңа болып саналады. Тілдік рефлексияны анықтаудың алғышарттарының, тілдік нормага сәйкес сейлеу арқылы тілдік мәдениетті қалыптастырудың зерделеніп, дәйектелуі тілдік рефлексияны дамытудың ғылыми-теориялық түрғыда айқындалып негізделуі бірінші ғылыми нәтиженің жаңашылдығын білдіреді.</p> <p>Филолог-студенттердің тілдік рефлексиянын анықтаудың дидактикалық өлшемдерінің жасалыш, Ж.Аймауытовтың «тума серпілу» қағидасына сәйкес зияткерлік рефлексия түрінің ұсынылуы екінші нәтиженің жаңашылдығын көрсетеді. Алаш ғалым-ағартушыларының оқу-әдістемелік мұрасы негізінде «Танымдық әлеует» стратегиясына топтастырылған тапсырмалар дайындалуы, тілдік рефлексия концепциясына құрылған ұрылымдық-мазмұндық модельдің жасалуы үшінші нәтиженің жаңа екендігін білдіреді.. Төртінші нәтиженің толықтай жаңа екендігі «Philology» онлайн платформасының құрастырылып, жасанды интеллект және цифрлық технологиялардың тиімділігінің дәлелденуімен, тілдік рефлексия мен кері байланыстың дидактикалық ұстанымдарға сәйкес талдануымен сипатталады.</p> <p>Бесінші нәтиженің ғылыми жаңашылдығы диссертанттың интербелсенді оқыту әдістерін, түрлі оқу стратегияларын қолдана отырып, дәріс және семинар сабактарында Қазақ тілі мен әдебиетінің «Білім беру бағдарламасы» бойынша «Филолог студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесі» атты ғылыми әзірлеменің білім беру үдерісіне ендірілуімен дәлелденеді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Зерттеуде тілдік рефлексияны дамытудың лингвомәдени аспектіде ғылыми-теориялық талданып, алынған нәтижелердің дидактикалық талаптарға сай әдістемелік-практикалық бағытта тәжірибеде тексеріліп, әрбір нәтиже бойынша қорытынды жасалуы еңбектің толығымен жаңа екендігін танытады.</p>
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа	Диссертациялық жұмыста қолданылған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері ғылыми-әдіснамалық, әдістемелік түрғыда

		<p>және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>зарделенген.</p> <p>Зерттеуші ұсынған тілдік рефлексияны дамыту моделі, оқу-әдістемелік дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері ғылыми жарияланымдармен негізделгендейтін толығымен жаңа .</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары мен зерттеу барысында жүргізілген теориялық-әдістемелік талдаулар гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттарына сәйкес келетін ғылыми ауқымды дәлелдемелермен түйінделіп, негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің 	<p>Диссертацияның қорғауға шығарылған қағидаттары теориялық тұрғыда тұжырымдалып, зерттеу нәтижелері эксперимент арқылы дәлелденген .</p> <p>7.1 Қағидаттары дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Жаңа, өйткені зерттеу нәтижелері студенттердің метабілімділігін, сынни ойлауын, тілдік рефлексиясын дамыттын оқыту ұстанымдардың теориялық тұжырымдалып, практикалық қолданудың әдістемелік жүйесінің жасалуымен дәлелденеді. Мұны диссиденттің тілдік рефлексияны когнитивтік-танымдық тіл және ойлау, тілдік сана, метатіл тұрғысынан зерттеген отандық ғалымдар Ж.А.Манкеева, Ш.Л. Ерхожина, М.Н. Оспанбекова , Л.М. Шайкенова, П.Сыдық, сол сияқты ресейлік С.В. Кондратьева, Т. А. Колышева және т.б. ғалымдардың зерттеулеріндегі сана тіл және ойлауды сөйлеу үдерісінде адамның өз ойын жеткізуде рефлекстік сипат алатындығын интерпретациялап талдауынан көреміз.</p> <p>7.4 Қорғауға шығарылған қағидаттардың қолданылу деңгейі кең .</p> <p>7.5 Диссертациялық зерттеудің нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми конференциялар мен басылымдарда жарияланған мақалаларда дәлелденген.</p>

		дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу барысында ұсынылған дереккөздер мен ақпараттың дәйектілігі әдіснамалық талаптарға негізделіп, нақты жазылған. Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдаулар, зерттеу әдістері, инновациялық технологиялық оқыту түрлері зерттеудің теориялық және практикалық мәнділігін айқындалап, филолог студенттердің тілдік рефлексиясын дамытудың әдістемелік мүмкіндіктерін аша алған.</p> <p>1)Ия.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды, «САЛО-коучингтік әдіс», «Жағдаяттық жазылым», «Ұқсастықтар шеберханасы», «Декарт квадраты», SWOT талдау, «Саралуә әдісі» (Differentiation) және т.б әдістерді, сонымен қатар Gamma AI, Narakeet, D-ID сияқты кез келген суретті сөйлетуге болатын жасанды интеллект шығармашылық тапсырмалармен бекітіліп, тиімділігі деректерді өңдеу әдістері арқылы тексеріліп, нәтижелері көрсетілген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>1) ия; Диссертациялық жұмыстың қорытындылары, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар тәжірибеде дәлелденіп, қазақ тілі мен әдебиетінің «Білім беру бағдарламасы» бойынша «Бағалаудың ешкемдік технологиялары» және «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәндерінің білім мазмұнына «Филолог студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесі» атты ғылыми әзірлеменің жоғары білім беру үдерісіне ендірілуімен дәлелденеді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>1) ия; Диссертациялық жұмыстың қорытындылары, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар тәжірибеде дәлелденіп, қазақ тілі мен әдебиетінің «Білім беру бағдарламасы» бойынша «Бағалаудың ешкемдік технологиялары» және «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәндерінің білім мазмұнына «Филолог студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесі» атты ғылыми әзірлеменің жоғары білім беру үдерісіне ендірілуімен дәлелденеді.</p>
		<p>8.4 Маңызды әлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған/ расталмаған</p>	<p>Зерттеу еңбегіндегі маңызды мәлімдемелер диссертация құрылымындағы ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/ жеткіліксіз</p>	<p>Жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі, жылы, баспасы толық көрсетілген және жеткілікті. Жалпы саны- 140 библиографиялық ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық нормативтік-құқықтық және электронды және басқа да дереккөздерден тұрады.</p>
9	Практикалық	9.1 Диссертацияның	Диссертацияның теориялық маңыздылығы

	күндылық принципі	теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок.	тілдік рефлексияны дамыту әдістемесінің функционалды-коммуникативтік теориялардың сабактастығында алғаш рет жасалуымен айқындалады, сонымен қатар когнитивті лингвистика, психолингвистика, этнолингвистиканың сабактастығындағы зерттеулердің болашақ дамуына ғылыми-теориялық түрғыда улес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу барысында қолданылған инновациялық әдіс-тәсілдер, интерактивті оқыту технологиялары оқытудың жалпыидактикалық қағидаларымен үндестік тауып, тілдік рефлексияны дамытудың әдістемелік жүйесін жетілдіруге мүмкіндік бере алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	1) Толығымен жаңа. Токтанова Асель Керимовнаның филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамытуға бағытталған продуктивті тапсырмаларды педагогикалық экспериментте тексеріп жасаған практикалық ұсыныстары жаңа деп танылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация қойылатын талаптарға сай жазылған, жазу және ресімдеу сапасы жоғары деңгейде орындалған еңбек деп саналады.
11.	Диссертацияга ескертулер	Диссертацияның ғылыми-теориялық және әдістемелік түрғыда сапалы жазылған және толық аяқталған еңбек екендігін айта келе, мынадай ескертпе-ұсынысты атап көрсету қажет деп санаймын: Жұмыстың 90-91 беттерінде филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесі бойынша құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылған. Модель- бұл зерттеудің соңғы нәтижесін көрсететін өнім, сондықтан оның атавы мен құрылымдық жүйесі педагогикалық талаптарға сай болуы тиіс. Модельді рәсімдеуде оның әдіснамалық, мазмұндық, әдістемелік, бақылау-нәтижелі деп аталағын блоктары бойынша әдіснамалық тұғырларды, психологиялық-педагогикалық шарттарды, сонымен қатар зерттеудің практикалық бағыттылығын айқындастын мотивациялық-құндылықты, функционалды-іс-әрекеттік, когнитивті және рефлексивтік компоненттердің әрқайсының қызметін толық көрсету қажет еді. Алайда, бұл ескертпелер жұмыстың ғылыми маңыздылығына, жаңашылдығына еш нұксан келтірмейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында	Токтанова Асель Керимовнаның диссертациялық жұмысының ғылыми деңгейін зерттеу барысында жарық көрген төмендегідей мақалаларының жариялануымен санаттап, дәйектеуге болады: Зерттеу тақырыбының аясында барлығы 9 мақала жарияланған. Оның ішінде, 1 мақала SCOPUS ғылым дереккорына кіретін басылымда, 3 мақала ҚР БФМ БФСБК журналдарында, 3 мақала халықаралық, 2 мақала республикалық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланған. 1. «Тіл білімінде тілдік рефлексия үгымының зерттелуі,	

	корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	<p>қалыптасуы» Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті. Желтоқсан 2020ж №4 (2). 101-10966.</p> <p>2. «Актуальные проблемы изучения рефлексии». Омская Гуманитарная Академия. Наука и общество: проблемы современных исследований. Ресей. Сәуір.2020ж. 65-7066.</p> <p>3. Modern approaches to the introduction of science into practice XV International Scientific and Practical Conference. 2021ж. Сан-Франциско, АҚШ , Мамыр.217-21966.</p> <p>4. International Journal of Society, Culture & Language, 2021ж. Иран республикасы, 9(2)). Prerequisites for Defining Linguistic Reflection.ISSN 2329-2210. 181-18866.</p> <p>5. Philosophical aspects of the development of linguistic reflection of the individual. Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті хабаршысы. Филология сериясы, №3 (103)/2021ж. 138-14666.</p> <p>6. Студенттердің танымдық, әрекеттік, эмоционалдық рефлексиясы дамуының психологиялық негіздері. Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті хабаршысы. Педагогика сериясы. № 4(108)/2022ж. 31-3866.</p> <p>7. Филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын анықтаудың негізгі аспектілері. I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. «Қазақстан республикасының білім беру кеңістігіндегі филология ғылымдары». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік (онлайн) конференция материалдары. 12.05.2022ж. 250-25766.</p> <p>8. «XXI ғасыр: ғылым және инновация» атты жас ғалымдар мен студенттер арасындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Талдықорған, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2023ж. 265-26966.</p> <p>9. «Оку процесінде студенттердің тілдік рефлексиясын дамытудың жолдары» Галым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Өлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Фабдолла Қалиевтің туғанына 95 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 16 қазан, 2024ж. 152-160 бб.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармагына сәйкес)	Токтanova Асель Керимовнаның «Филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық аяқталған, дербес орындалған еңбек деп бағалап, докторантқа 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
«Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының
доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Аринова Б.А.

